

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог
қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік
санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар
қабылдау**

Мемлекеттік орган	ҚР Білім және ғылым министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Министрлік және облыстардың, Нұр- Султан және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Қызметті көрсету мерзімдері	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша – 3 (үш) жұмыс күні, көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес – 7 (жеті) жұмыс күні.
Қызмет құны	Тегін
Құжаттар тізбесі	Министрлік және облыстардың, Нұр- Султан және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарға 1) Көрсетілетін қызметті 1-қосымшаға сәйкес аттестаттауға өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі (тұлғаны сәйкестендіру үшін қажет); 3) білімі туралы диплом көшірмесі; 4) біліктілікті арттыру туралы құжат көшірмесі; 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжатының көшірмесі; 6) бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік көшірмесі (жоғары білім беру ұйымдарынан ауысқан және біліктілік санаттары жоқ педагог қызметкерлерден басқа); 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен

оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) кәсіптік жетістіктері туралы мәліметтер (болған жағдайда).

Мемлекеттік корпорацияға:

- 1) Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес аттестаттауға өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі (тұлғаны сәйкестендіру үшін қажет);
- 3) білімі туралы диплом көшірмесі;
- 4) біліктілікті арттыру туралы құжат көшірмесі;
- 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжатының көшірмесі;
- 6) бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік көшірмесі (жоғары білім беру ұйымдарынан ауысқан және біліктілік санаттары жоқ педагог қызметкерлерден басқа);
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) кәсіптік жетістіктері туралы мәліметтер (болған жағдайда).

Қызмет көрсету нәтижесі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау туралы еркін түрдегі қолхат, не мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында белгіленген негіздеме бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012449#z11>